

"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ"

Б А С П А С Ө З – Р Е Л И З І

Алматы қ.

01 қыркүйек 2011 жыл

KRX және KASE өзара түсінушілік туралы Меморандумға қол қойды

2011 жылдың 24 тамызында Қазақстан қор биржасына (KASE) Корей қор биржасының (KRX) Президенті Ким Бонг Су мырза (Kim, Bong Soo) басқарған KRX делегациясы келді. Сондай-ақ корей делегациясының құрамында Қазақстан қор биржасына Кореяның Қазақстан Республикасындағы Бас Консулы Шин Хен Ын мырза да сапар шекті.

Сапардың мақсаты биржалар арасында өзара түсінушілік туралы Меморандумға (бұдан әрі – Меморандум) қол қою болды.

KASE тарапынан қол қою рәсіміне KASE Президенті Қ.Қ.Дамитов, Басқарма және Биржаның директорлар кеңесінің мүшелері, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының және "Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығы" АҚ дамуы жөніндегі Комитетінің өкілдері қатысты.

Меморандумға қол қоюмен KASE және KRX өкілдері қазақстандық ұйымдастырылған нарықтың операциялық тиімділігі мен бәсекелеске қабілеттілігін нығайту мақсатында екі жақтың ұзақ мерзімді ынтымақтастыққа ниетін бекітті. Осы құжаттың шарттарына сәйкес, KASE және KRX бағалы қағаздар нарығын дамытуда өзара қызметтестікті, соның ішінде KRX тарапынан KASE мамандарын ақпараттық технологиялар және биржалық бизнес саласы бойынша оқытуды және кеңес беруді жоспарлап отыр.

Қойылған мақсаттарға жету үшін тараптар KRX мамандарын KASE персоналымен бірлесіп жұмысы үшін Қазақстанға шақыру мүмкіншілігі, сондай-ақ KASE кейбір мамандарының Корей қор биржасында машықтану өтуі туралы келісті. Оқыту бағалы қағаздар нарығының нормативтік-құқықтық базасын, IT-жүйелерді, клиринг пен есептесулерді, және биржалық қызметтің басқа да аспектілерін қамтиды деп жоспарланып отыр.

Сондай-ақ, Меморандум KASE және KRX сарапшыларынан тұратын бірлескен жұмыс комитетін ұйымдастыруды тұспалдайды, осы комитет екі айдан соң Қазақстанның бағалы қағаздар нарығында қалыптасқан ағымдағы жағдайды зерттеу және бағалы қағаздар нарығын және оның нормативтік-құқықтық базасын болашақта дамытуға қатысты нұсқауларын дайындау бойынша жұмысын бастамақ. Бұл комитет, құрылғаннан кейін алты айдан соң, екі биржаның екеуіне де өз жұмысының нәтижелерін ұсынады.

Анықтама үшін:

KRX (Korea Exchange – Корей биржасы) – Оңтүстік Кореядағы жалғыз қор биржасы. Биржаның штаб-квартирасы Пусан қ. орналасқан, офісі Сеул қ. орналасқан, ақша нарығы мен нарықтық бақылауды жүзеге асырады. Корей қор және фьючерстік биржасы туралы Актіне сәйкес, KRX Корей қор биржасының, Корей фьючерстік биржасының және Қор нарығына қатысушылардың корей ассоциациясының (KOSDAQ) интеграциясы нәтижесінде құрылған. Бұрынғы биржалардың құрамына кірген бағалы қағаздар және деривативтер нарықтары, енді KRX бизнес-бөлімшелері болып табылады: қор нарығы бөлімшесі, KOSDAQ нарығы және деривативтер нарығы бөлімшесі. KRX Өзбекстан, Вьетнам, Филиппиндер, Малайзия, Камбоджа және Лоас биржаларымен ынтымақтастықта қызмет етеді.